

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

DCM2260

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Қауіпсіздік 2

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз	2
Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары	2
Есту қауіпсіздігі	3

2 Сіздің micro music system 4

Кіріспе	4
Қораптың құрамы	4
Негізгі құрылғыны шолу	4
Қашықтан басқару құралына шолу	5

3 Қолданар алдында 7

FM антеннасын қосыңыз	7
Қуатты қосу	7
Қашықтан басқару құралының батареясын орнату	7

4 Жұмысты бастау 8

Қосу	8
Сағатты орнату	8
Дереккөзді таңдау	9
Сұйық кристалды дисплейдің жарықтығын реттеу	9

5 Қатты ақпарат тасушыдан ойнату 9

Диск ойнату	9
USB құрылғысынан ойнату	9
Ойнатуды басқару	10
Жолдарды бағдарламалау.	10

6 Докты пайдалану 11

Үйлесімді iPod/iPhone/iPad үлгілері	11
Док арқылы дыбысты тыңдау	11
iPod/iPhone/iPad құрылғысын зарядтау	12
iPod/iPhone/iPad құрылғысын шығару	13

7 FM радионы тыңдау 13

FM радио станцияға реттеу	13
Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау	14
Радио станцияларды қолмен бағдарламалау	14
Сақтаулы радио станцияға реттеу	14

8 Дыбыс реттеу 14

Сақтаулы дыбыс әсерін таңдау	14
Дыбыс деңгейін реттеу	14
Дыбысты өшіру	14

9 Басқа мүмкіндіктер 15

Дабыл таймерін пайдалану	15
Ұйқы таймерін пайдалану	15
Сыртқы құрылғыны тыңдау	16
Құлақсаппа арқылы тыңдау	16
USB құрылғысын зарядтау	16

10 Өнім туралы ақпарат 17

Ерекшеліктер	17
USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер	18
Қолдау көрсетілетін MP3 дис форматтары	18
Техникалық қызмет көрсету	18

11 Ақаулықтарды жою 19

12 Ескерту 20

Сәйкестік	20
Қоршаған ортаны күту	20
Өнімде көрсетілген тауар белгісі	21
Авторлық құқықтары	21

1 Қауіпсіздік

Micro music system жүйесін пайдаланудың алдында барлық нұсқауларды оқып түсініңіз. Нұсқауларды орындау қателігінен ақаулық туындаса, кепілдік қолданылмайды.

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



Бұл «найзағай белгісі» құрылғыдағы ток соғуы мүмкін оқшауланбаған материалды көрсетеді. Үйдегі барлық адамның қауіпсіздігі үшін өнім корпусын алып тастамаңыз.

«Леп белгісі» жұмыс және техникалық қызмет көрсету проблемаларын болдырмау үшін берілген ақпарат оқылуы тиіс мүмкіндіктерге назар аударуға шақырады. АБАЙЛАҢЫЗ: от немесе ток соғу қауіптерін азайту үшін осы құрылғы жаңбыр немесе ылғал жерде ашық қалмауы және вазалар сияқты сұйықтықтармен толтырылған заттар оның үстіне қойылмауы тиіс.

ЕСКЕРТУ! Ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсельді толығымен кіргізіңіз. (Полярлы штепсельдері бар аймақтар үшін: ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсель мен саңылаудың жалпақ жақтарын сәйкес келтіріңіз.)

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

Электр тоғының соғу немесе өрт шығу қаупі бар!

- Өнімге немесе оның қосалқы құралдарына жаңбыр немесе су тимеуі керек. Өнімнің жанына ваза сияқты сұйықтық құйылған ыдыстарды қоймаңыз. Өнімге сұйықтықтар төгіліп кетсе, оны дереу розеткадан ажыратыңыз. Өнімді пайдалану алдында тексеріп алу үшін тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Өнімді және қосалқы құралдарды оттың немесе басқа қызу көздерінің жанына, соның ішінде тікелей күн сәулесіне қоймаңыз.
- Өнімнің желдеткіш тесіктеріне немесе басқа саңылауларына ештеңе салмаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.
- Найзағайлы бораннан бұрын өнімді розеткадан ажыратып қойыңыз.
- Электр шнурын ажыратқанда, ешқашан кабелінен емес, әрдайым ашасынан тартып суырыңыз.

Қысқа жүйе немесе өрт қаупі!

- Өнімді қуат көзіне жағмай тұрып, электр кернеуі өнімнің артында жазылған мәнге сәйкес келетінін тексеріңіз. Егер кернеу басқа болса, өнімді розеткаға қосушы болмаңыз.
- Қашықтан басқару құралын немесе батареяларды жаңбырға, суға, күн сәулесіне немесе тым көп қызулы жерлерге ешқашан шығармаңыз.
- Қуат розеткасына қатты күш салмаңыз. Бос тағылған қуат розеткасы күйге немесе өртке себеп болуы мүмкін.

Жарақаттану немесе өнімге зақым келу қаупі бар!

- Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерімен қолданыңыз.
- Ашық жағдайда көрінетін және көрінбейтін лазерлік сәулелену. Радио сәулелерін шығаруына жол бермеңіз.

- Диск бөліктерінің ішінен дискінің оптикалық линзаларына қолыңызды тигізбеңіз.
- Өнімді немесе басқа заттарды қуат сымдарының немесе электр жабдықтарының үстіне қоймаңыз.
- Өнім 5 °C градустан төмен температурада тасымалданған болса, оны қаптамасынан шығарыңыз да, розеткаға жалғамай тұрып, бөлме температурасына дейін жылынуын күтіңіз.

Қатты қызып кету қаупі бар!

- Бұл өнімді тар жерде орнатуға болмайды. Желдетілуі үшін, өнімнің айналасында міндетті түрде кемінде 10 сантиметр орын қалдырыңыз.
- Өнімдегі желдеткіш тесіктердің перделермен немесе басқа заттармен жабылып қалмауын қадағалаңыз.

Ластану қаупі!

- Батареяның заряды таусылған немесе қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, батареяны шығарыңыз.
- Ішінде химиялық заттар бар болғандықтан, батареяларды дұрыс тастау керек.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Бұл құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Бұл құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымына, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

Орташа дыбыс деңгейінде тыңдаңыз.

- Құлақаспаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану есту қабілетіңізді нашарлатады. Бұл өнім дыбыстарды бір минуттан аз тыңдаған қалыпты адамның есту қабілетінің жоғалуына себеп болатын децибелдің ауқымда шығарады. Жоғары децибелдік ауқымдар есту қабілеті бұрыннан нашар адамдарға ұсынылады.
- Дыбыс алдамшы болуы мүмкін. Уақыт өткен сайын естуге «қолайлы деңгейіңіз» жоғары дыбыс деңгейіне бейімделеді. Ұзақ уақыт тыңдағаннан кейін «қалыпты» дыбыстар қатты естілуі және есту органдарыңызға зиянды болады. Бұдан қорғану үшін есту органыңыз бейімделместен бұрын дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатып, солай қалдырыңыз.

Қауіпсіз дыбыс деңгейін орнату үшін:

- Дыбыс деңгейін реттегішті төмен параметрге орнатыңыз.
- Дыбысты жақсы және бұрмаланусыз анық естігенге дейін баяулап көбейтіңіз.

Бірқалыпты уақыт аралығында тыңдаңыз:

- Дыбысты ұзақ уақыт, тіпті «қауіпсіз» деңгейде тыңдау, есту қабілетінің жоғалуына себеп болады.
- Жабдықты бірқалыпты пайдаланыңыз және тиісті үзілістер жасаңыз.

Құлақаспап пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін қатты ашпаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.
- Ықтимал қауіпті жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз.



Ескертпе

- Түр тақтасы өнімнің артқы жағында орналасқан.

Есту қауіпсіздігі



2 Сіздің micro music system

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/support торабында тіркеңіз.

Егер тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарлассаңыз, сізден құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмірі құрылғының артқы жағында. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____

Сериялық нөмір _____

Кіріспе


Осы өніммен мына әрекеттерді орындауға болады:

- дискілердегі, USB жад құрылғыларындағы, iPod/iPhone/iPad құрылғыларындағы және басқа құрылғылардағы дыбысты тыңдау және
- FM радиостанцияларын тыңдау



Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз:

- Micro music system
- Қашықтан басқару құралы (бір AAA батареясы бар)
- АТ қуат адаптері
- Қабырғаға бекіту жинағы (2 стержень және 2 бұранда)
- FM антенна
- Қауіпсіздік парағы
- Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы
- Қабырғаға бекіту нұсқаулары



Негізгі құрылғыны шолу



- ①
- Өнімді қосыңыз.
 - Өнімді Eco қуаты күту режиміне немесе қалыпты күту режиміне ауыстырыңыз.

- ② **SOURCE**
- Көзді таңдау үшін қайта-қайта басыңыз.
- ③ **▶||**
- Ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру.
- ④ **■**
- Музыканы ойнатуды тоқтату.
 - Докқа қойылған iPod/iPhone ойнату тізіміне қатынасу.
- ⑤ **←**
- Музыканы ойнату үшін үйлесімді USB жад құрылғысын жалғау.
 - Заряптау үшін үйлесімді USB құрылғысын жалғау.

⑥ **Диск тұрағы**

- ⑦ **▲**
- Дискіні диск бөлімінен шығару үшін басыңыз.

⑧ **◀◀/▶▶**

- Алдыңғы немесе келесі әуенге өткізу.
- Жол ішінде іздеу үшін басып тұрыңыз.
- Радио станцияға реттеу.

⑨ **VOL+/VOL-**

- Дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту

⑩ **iPod/iPhone/iPad арналған қондырма**

- Үйлесімді iPod/iPhone/iPad құрылғысына қосылу.

⑪ **ИК сенсоры**

- Қашықтан басқару құралынан инфрақызыл сигналдарды қабылдайды.

⑫ **Индикатор**

- Өнім Есо қуаты күту режимінде болғанда қызыл түспен жанады.

⑬ **СКД экраны**

⑭ **DC IN**

- АТ адаптеріне қосылыңыз:

⑮ **📶**

- 3,5 мм коннекторының көмегімен құлақаспапқа қосылыңыз.


⑯ **AUDIO IN**

- Сыртқы құрылғының дыбыс шығысы ұяшығына (әдетте құлақаспап ұяшығы) қосылыңыз.

⑰ **FM ANT**

- FM антеннасына қосылыңыз.

Қашықтан басқару құралына шолу




- ① **⏻**
- Өнімді қосыңыз.
 - Өнімді Есо қуат күту режиміне немесе қалыпты күту режиміне ауыстырыңыз.
- ② **▲**
- Дискіні шығарыңыз.
- ③ **DOCK**
- Музыканы ойнату үшін үйлесімді iPod/iPhone/iPad құрылғысын жалғаңыз.
- ④ **FM/ CD**
- Көзді FM тюнеріне немесе диск бөліміндегі дискіге ауыстыру.
- ⑤ **PRESET/ALBUM ▲ / ▼**
- Алдыңғы немесе келесі альбомға өту.
 - Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
 - iPod/iPhone ойнату тізімін шарлау.
- ⑥ **⏮ / ⏭**
- Алдыңғы немесе келесі әуенге өткізу.
 - Жол ішінде іздеу үшін басып тұрыңыз.
 - Радио станцияға реттеу.
- ⑦ **+VOL -**
- Дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту.
- ⑧ **▶||**
- Ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру.
- ⑨ **REPEAT/SHUFFLE**
- Ойнату режимін таңдау.
- ⑩ **MUTE**
- Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.
- ⑪ **SOUND**
- Алдын ала орнатылған дыбыс әсерін таңдау.
- ⑫ **CLOCK**
- Сағатты орнату.
- ⑬ **TIMER/SLEEP**
- Оятар таймерін орнатыңыз.
 - Ұйқы таймерін орнатыңыз.
- ⑭ **PROG**
- Радио станцияларды бағдарламалау.
 - Дискіде немесе USB жад құрылғысында сақталған бағдарлама жолдары.
- ⑮ **DISPLAY**
- Жұмыс режимінде ағымдағы уақытты көрсету үшін басыңыз.
 - Қалыпты күту режимінде СК дисплейінің жарықтығын реттеу үшін басып тұрыңыз.
- ⑯ **■ /MENU**
- Музыканы ойнатуды тоқтату.
 - iPod/iPhone ойнату тізіміне қатынасу.
- ⑰ **OK**
- Ағымдағы параметрді растау.
- ⑱ **USB/AUDIO IN**
- Көзді USB жад құрылғысына немесе **AUDIO IN** ұяшығы арқылы тасымалданатын дыбыс кірісіне ауыстыру.

3 Қолданар алдында

FM антеннасын қосыңыз

Ескертпе

- Қабылдау сапасын жақсарту үшін антеннаны толығымен шығарып, оның орналасуын реттеңіз немесе сыртқы антеннаны қосыңыз.
- Бұл өнім АМ (амплитудалық модуляция) радио қабылдауын қолдамайды.




FM антеннасын өнімге қосыңыз.

Қуатты қосу

Ескертпе


- АТ қуат сымын қосудың алдында барлық басқа қосылымдарды аяқтағаныңызды тексеріңіз.



АТ қуат адаптерін

- артқы тақтадағы **DC IN** розеткасы мен
 - қуат көзі арасына қосыңыз.
- ↳ - - - - белгішесі жыпылықтайды.

Қашықтан басқару құралының батареясын орнату



- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 ААА батареясын көрсетілгендей дұрыс қаратып (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.

4 Жұмысты бастау

Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Қосу

⏻ түймесін басыңыз.

- ↳ Бұл өнім соңғы таңдалған көзге ауысады.

Режимдерді ауыстыру

Режимдерді автоматты түрде ауыстыру:

- Бұл әрекеттен кейін өнім 15 минут бойы жұмысын тоқтадады, ол қалыпты күту режиміне автоматты түрде ауысады.
 - ↳ Сағат көрсетіледі.
 - ↳ Егер сағат орнатылмаса, - - - - белгішесі жыпылықтайды.
- Бұл әрекеттен кейін өнім 15 минут бойы қалыпты күту режимінде болады, ол ECO қуат күту режиміне автоматты түрде ауысады.
 - ↳ **E C O** белгісі айналады, содан соң сұйық кристалды дисплейдің экраны сөнеді.
 - ↳ Сұйық кристалды дисплей экранының жанындағы жарық шығарғыш диод көрсеткіші қызыл түспен жанады.

Режимдерді қолмен ауыстыру:

- ⏻ түймесін басып тұру арқылы
 - өнімді жұмыс режимінен немесе қалыпты күту режимінен ECO қуат күту режиміне, сондай-ақ
 - ECO қуат күту режимінен қалыпты күту режиміне ауыстырыңыз.
- ⏻ түймесін басу арқылы
 - өнімді жұмыс режимі мен қалыпты күту режимі арасында немесе
 - ECO қуат күту режимінен жұмыс режиміне ауыстырыңыз.

Сағатты орнату



Ескертпе

- Орнату кезінде, 90 секунд бойы ешбір әрекет орындалмаса, өнім алдыңғы әрекеттерді сақтаусыз сағатты орнатудан шығады.

- 1 Күту режимінде сағат орнату режиміне кіру үшін **CLOCK** түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ **12** немесе **12** көрсетіледі.
- 2 **+VOL** - немесе **⏪/⏩** түймесін басып **12** немесе **12** тармағын таңдаңыз да, **CLOCK** түймесін басыңыз.
 - **12**: 24 сағаттық уақыт пішімі
 - **12**: 12 сағаттық уақыт пішімі
 - ↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 3 Сағатты орнату үшін **+VOL** -немесе **⏪/⏩** түймесін басыңыз да, **CLOCK** түймесін басыңыз.
 - ↳ Минут сандары жыпылықтай бастайды.
- 4 Минутты орнату үшін **+VOL** - немесе **⏪/⏩** түймесін басыңыз да, **CLOCK** түймесін басыңыз.
 - ↳ Орнатылған сағат көрсетіледі.



Кеңес

- Өнім сағатын жалғанған iPod/iPhone/iPad құрылғысымен синхрондай алады.

Дереккөзді таңдау

Өнімде көзді таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.

- **IPHONE/iPHONE/iPAD**: жалғанған iPhone/iPod/iPad құрылғысындағы ойнату тізімі
- **AUDIO IN**: **AUDIO IN** ұяшығы арқылы дыбыс кірісі
- **CD**: диск бөліміндегі диск
- **USB**: жалғанған USB жад құрылғысында сақталатын .mp3 файлдары
- **F.M**: FM тюнері

Сондай-ақ, көзді таңдау үшін қашықтан басқару құралындағы көз түймелерін басуға болады.

- **FM/ CD**: FM тюнері немесе диск бөліміндегі диск
- **DOCK**: жалғанған iPhone/iPod/iPad құрылғысындағы ойнату тізімі
- **AUDIO IN/USB**: **AUDIO IN** ұяшығы арқылы дыбыс кірісі немесе жалғанған USB жад құрылғысында сақталатын .mp3 файлдары

Сұйық кристалды дисплейдің жарықтығын реттеу

- 1 Қалыпты күту режимінде **DISP** немесе **DIS** мәні көрсетілмегенше **DISPLAY** түймесін басып тұрыңыз.
- 2 **DISP** немесе **DIS** мәнін таңдау үшін **VOL +/-** немесе **▲ / ▼** түймесін басыңыз.


5 Қатты ақпарат тасушыдан ойнату

Диск ойнату



Ескертпе

- Диск ойнатылатын дыбыстық мазмұнды қамтитынын тексеріңіз.



- 1 Көзді **CD** деп ауыстыру үшін **CD** немесе **SOURCE** түймесін басыңыз.
- 2 Дискіні диск бөліміне басылған бетін өзіңізге қаратып салыңыз.
 - ↳ Ойнату бірнеше секундтан кейін автоматты түрде басталады.
 - ↳ Егер ойнату автоматты түрде басталмаса, ойнатуды бастау үшін **▶▶** түймесін басыңыз.

USB құрылғысынан ойнату


Бөл өнім үйлесімді USB құрылғысына көшірілетін .mp3 файлдарын ойната алады.

- Флэш жады
- Жад картасын оқу құралы

- HDD: қатты диск (Бұл өнім USB қуатының ток амплитудасы 500 мА мәнінен аспайтын портативті HDD құрылғысын ғана анықтай алады.)

Ескертпе

- Gibson Innovations компаниясы барлық USB құрылғыларымен үйлесімділікке кепілдік бермейді.
- NTFS (Жаңа Технологияның Файл Жүйесі) файл өнімі қолдау көрсетілмейді.



- 1 USB құрылғысын розеткасына қосыңыз.
- 2 Көзді USB режиміне ауыстыру үшін **USB** немесе **SOURCE** түймесін басыңыз.
↳ Автоматты түрде ойнатыла бастайды.

Егер ойнату автоматты түрде басталмаса,

- 1 Қалтаны таңдау үшін ▲ / ▼ түймесін басыңыз.
- 2 Файлды таңдау үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз.
- 3 Ойнатуды бастау үшін ▶|| түймесін басыңыз.

Ойнатуды басқару

Ойнату барысында ойнатуды басқару үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Түймелер	Функциялар
▶	Ойнатуды уақытша тоқтату немесе жалғастыру.
■	Ойнатуды тоқтату.
◀◀ / ▶▶	Алдыңғы немесе келесі әуенге өткізу. Жолды кері айналдыру немесе жылдам алға іздеу үшін басып тұрыңыз.
▲ / ▼	Бір немесе бірнеше альбом бар болса, алдыңғы немесе келесі альбомға өту.
REPEAT/SHUFFLE	Қол жетімді ойнату режимін таңдау. <ul style="list-style-type: none"> • REPEAT: ағымдағы жолды қайталау • REALL: барлық жолдарды қайталау • REALL: ағымдағы қалтаны қайталау • SHUFFLE: жолдарды кездейсоқ ретпен ойнату <ul style="list-style-type: none"> • Жолдарды ретпен ойнату үшін REP және SHUF кеткенше қайта-қайта басыңыз.

Жолдарды бағдарламалау.

Ең көбі 20 жолға дейін бағдарламалай аласыз.

- 1 Ойнатылатын жол жоқ кезде **PROG** түймесін басыңыз.
↳ Ағымдағы жол нөмірі дисплейдің тақтасында жыпылықтайды.

- 2 Жол нөмірін таңдау үшін **⏮/⏭** түймесін басыңыз.
- 3 Раптау үшін, **PROG** түймесін басыңыз.
- 4 Бірнеше жолдарды бағдарламау үшін 2-ші және 3-ші қадамды қайталаңыз.
- 5 Бағдарламаланған жолдарды ойнату үшін **▶||** түймесін басыңыз.
 - Бағдарламаны өшіру үшін **■** түймесін екі рет басыңыз.

6 Докты пайдалану

Осы өнім арқылы iPod/iPhone/iPad құрылғысындағы дыбысты тыңдауға болады.



Ескертпе

- Жалғанған iPod/iPhone/iPad құрылғысының құлақсаппа ұяшығынан дыбыс шығысы жоқ.


Үйлесімді iPod/iPhone/iPad үлгілері

Бұл өнім келесі iPod, iPhone және iPad үлгілерін қолдайды.


- iPod nano (2-ші, 3-ші, 4-ші, 5-ші, 6-ші және 7-ші буын)
- iPod touch (1-ші, 2-ші, 3-ші, 4-ші және 5-ші буын)
- Классикалық iPod
- iPhone 5
- iPhone 4S
- iPhone 4
- iPhone 3GS
- iPhone 3G
- iPhone
- iPad mini
- iPad 4-ші буыны
- iPad 3-ші буыны
- iPad 2
- iPad

Док арқылы дыбысты тыңдау






- 1 Көзді **iPod/iPhone/iPad** деп ауыстыру үшін **DOCK** немесе **SOURCE** түймесін басыңыз.




2 Докты шығарыңыз.




3 iPod/iPhone/iPad құрылғыңызға сай коннекторды таңдау үшін док наусын бұрыңыз.



4 iPod/iPhone/iPad құрылғыңызды докқа жалғаңыз.
↳ iPod/iPhone/iPad танылғаннан кейін зарядтау басталады.



5 iPod/iPhone/iPad құрылғысындағы жолды ойнату.



Түймелер	Функциялар
▶	Ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру.
MENU/ ■	iPod/iPhone құрылғысының ойнату тізіміне қатынасу.
▲ / ▼	iPod/iPhone ойнату тізімін шарлау.
◀◀ / ▶▶	Алдыңғы/келесі жолға өту. Жолды кері айналдыру немесе жылдам алға қарай іздеу үшін басып тұрыңыз.

iPod/iPhone/iPad құрылғысын зарядтау

iPod/iPhone/iPad құрылғысы докқа қойылып, танылғаннан кейін зарядтау басталады.


iPod/iPhone/iPad құрылғысын шығару



Ескертпе

- Доктың немесе iPod/iPhone/iPad құрылғыңыздың зақымдалу қаупі бар: шығару кезінде iPod/iPhone/iPad құрылғыңызды бұрмаңыз немесе шайқамаңыз.

- 1 iPod/iPhone/iPad құрылғысын қондырмадан тартып шығарыңыз.
- 2 Докты жасыру үшін ішін басыңыз.




7 FM радионы тыңдау

FM радио станцияға реттеу



Ескертпе

- Қосылғаныңызды және FM антеннасын толығымен шығарғаныңызды тексеріңіз.



- 1 Көзді **FM** режиміне ауыстыру үшін **FM** немесе **SOURCE** түймесін басыңыз.
- 2 Жиілік өзгермегенше **◀◀** / **▶▶** түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ Өнім жақсы қабылдауы бар алдыңғы немесе келесі станцияға автоматты түрде реттеледі.
 - Арнайы жиіліктегі станцияға реттеу үшін оның жиілігі көрсетілгенше **◀◀** / **▶▶** түймесін қайталап басыңыз.



Keңес

- FM режимінде дыбыс параметрін стерео мен монофоникалық режимі арасында ауыстыру үшін **▶▶** түймесін басуға болады.

Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 20 сақтаулы радио станцияны бағдарламалауға болады.

Жиілік өзгермегенше **PROG** түймесін басып тұрыңыз.

- ↳ Барлық қол жетімді станциялар толқын жиілігін қабылдау сигналының күшінің ретімен бағдарламаланады.
- ↳ Алдымен бағдарламаланған радио станция автоматты түрде таратылады.

Радио станцияларды қолмен бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 20 сақтаулы радио станцияны бағдарламалауға болады.
- Бағдарламаланған радио станцияны қайта жазу үшін оның реттік нөмірімен басқа станцияны сақтаңыз.

- 1 Радио станцияға реттеу.
- 2 Бағдарламалауды іске қосу үшін **PROG** түймесін басыңыз.
 - ↳ Реттік нөмір жыпылықтайды.
- 3 1 - 20 аралығындағы реттік санды осы радио станцияға бөлектеу үшін ▲ / ▼ түймесін басыңыз, содан соң растау үшін **PROG** түймесін басыңыз.
 - ↳ Бұл радио станцияның сақтаулы реттік нөмірі мен жиілігі көрсетіледі.
- 4 Қосымша станцияларды бағдарламалау үшін 1-3-қадамды қайталаңыз.

Сақтаулы радио станцияға реттеу

Сақтаулы радио станцияның реттік нөмірін таңдау үшін ▲ / ▼ түймесін басыңыз.

8 Дыбыс реттеу

Келесі әрекеттерді барлық қолдау көрсетілетін медиаға қолдануға болады.

Сақтаулы дыбыс әсерін таңдау

- Сақтаулы дыбыс әсерін таңдау үшін **SOUND** түймесін басыңыз.
 - **DSC1, DSC2, DSC3, DSC4** және **DSC5**

Дыбыс деңгейін реттеу

- Қашықтан басқару құралында **VOL +/-** түймесін қайталап басыңыз.
- Негізгі құрылғыда **VOL+/VOL-** түймесін қайталап басыңыз.

Дыбысты өшіру

- Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру үшін **MUTE** түймесін басыңыз.

9 Басқа мүмкіндіктер

Дабыл таймерін пайдалану

Бұл өнімді оятар етіп пайдалануға болады. Дабыл көзі ретінде дискіні, iPod/iPhone/iPad кітапханасын, FM радиостанциясын немесе USB жад құрылғысында сақталған .mp3 файлдарын таңдауға болады.

Ескертпе

- Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
- Таңдалған дабыл көзі қол жетімді болмаса, бұл өнім FM режиміне автоматты түрде ауысады.

- 1 Қалыпты күту режимінде **SLEEP/TIMER** түймесін басып тұрыңыз.
↳ Дабыл уақыты сағат цифрлары жыпылықтаған түрде көрсетіледі.
↳ **TIMER** көрсетіледі.
- 2 Сағатты орнату үшін **+VOL** - немесе **◀◀/▶▶** түймесін қайта-қайта басыңыз да, растау үшін **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Минут сандары жыпылықтайды.
- 3 Минутты орнату үшін **+VOL** - немесе **◀◀/▶▶** түймесін басыңыз да, растау үшін **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Дабыл көзінің атауы жыпылықтайды.
- 4 Дабыл көзін таңдау үшін **+VOL** - немесе **◀◀/▶▶** түймесін басыңыз.
- 5 Растау үшін **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.
↳ **10:XX** (XX дабылдың дыбыс деңгейін білдіреді) жыпылықтайды.

- 6 Дабылдың дыбыс деңгейін орнату үшін **+VOL** - түймесін басыңыз да, **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.

Оятар таймерін өшіру/қайта іске қосу

Күту режимінде **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.

- ↳ Егер **TIMER** белгішесі жоғалса, оятар таймер өшеді.
- ↳ Егер **TIMER** белгішесі көрсетілсе, оятар таймер іске қосылады.

Оятарды тоқтату

Оятар шырылдап жатқанда оны тоқтату үшін **⏏** немесе **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.

Ескертпе


- Егер оятарды тоқтатпасаңыз, ол 30 минут бойы шырылдауын тоқтатпайды, содан соң өнім қалыпты күту режиміне автоматты түрде ауысады.

Ұйқы таймерін пайдалану

Уақыт аралығын орнатуға болады, содан соң өнім қалыпты күту режиміне автоматты түрде ауысады.


Жұмыс режимінде сақтаулы аралықты (120, 90, 60, 45, 30 немесе 15 минут) таңдау үшін **SLEEP/TIMER** түймесін қайталап басыңыз.

- ↳ Ұйқы таймері іске қосылған кезде **SLEEP** белгішесі көрсетіледі.
- Ұйқы таймерін өшіру үшін **⏏** белгішесі көрсетілгенше **SLEEP/TIMER** түймесін қайталап басыңыз.



Сыртқы құрылғыны тыңдау

Сондай-ақ, осы өнім арқылы сыртқы дыбыс құрылғысынан (мысалы, MP3 ойнатқыш) музыканы тыңдауға болады.



- 1 Кезді **AUDIO IN** режиміне ауыстыру үшін **AUDIO IN** немесе **SOURCE** түймесін басыңыз.
- 2 Екі жағында 3,5 мм штепселі бар дыбыс кіріс кабелін
 - өнімнің артқы тақтасындағы **AUDIO IN** розеткасы мен сыртқы құрылғыдағы розетканың
 - арасына қосыңыз.

- 3 Дыбысты сыртқы құрылғыда ойнату (оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

Құлақаспап арқылы тыңдау

Құлақаспапты негізгі құрылғының алдыңғы тақтасындағы розеткасына қосыңыз.

Ескертпе

- Докқа қойылған iPod/iPhone/iPad құрылғысын тыңдаған кезде құлақаспап ұяшығынан дыбыс шықпайды. Оның орнына динамиктер арқылы тыңданыз.


USB құрылғысын зарядтау

Осы өнім көмегімен USB құрылғысын, мысалы, смартфонды, зарядтауға болады.

Ескертпе

- USB ұяшығы арқылы шығыс кернеу — 5 В, шығыс ток — 0,5 А.
- Gibson Innovations барлық USB құрылғыларымен үйлесімділікке кепілдік бермейді.

USB құрылғыңызды осы өнімге USB кабелінің көмегімен жалғаңыз.



10 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Жалпы ақпарат

АТ қуат адаптері	Үлгі: AS360-120-AE300 (Philips) Кіріс: 100 - 240 В ~, 50/60 Гц, 1,2 А Шығыс: 12 В == 3,0 А
Жұмыс үшін қуатты тұтыну	20 Вт
Есо күту режимінде қуат тұтыну	≤ 0,5 Вт
USB Direct	Нұсқа: 1.1, 2.0
Ең жоғарғы USB шығысының жүктемесі	5 В == 500 мА
Өлшемдер: негізгі құрылғы (Е x Б x Д)	420 x 226 x 97 мм
Салмағы	
- Қорабымен	3,5 кг
- Негізгі құрылғы	2,3 кг

Күшейткіш

Ең жоғары шығыс қуаты	2 x 10 Вт ОКМ
Жиілік жауабы	60 Гц - 16 кГц
Кедергі коэффициенті	≥ 60 дБА
ДЫБЫС КІРІС	650 мВ ОКМ 20 кОм

Диск

Лазер түрі	Жартылай өткізгіш
Диск диаметрі	12 см
Қолдау көрсетілетін дисктер	CD-DA, CD-R, CD-RW, MP3-CD, WMA-CD
Дыбыс DAC	24 бит, 44,1 кГц
Гармоникалық мазмұн	< 1,5% (1 кГц)
Жиілік жауабы	60 Гц - 16 кГц (44,1 кГц)
С/Ш қатынасы	>55 дБ

Тюнер (FM)

Реттеу ауқымы	87,5 - 108 МГц
Реттеу торы	50 кГц
Сезімталдық	
- Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	<22 дБф
- Стерео, 46 дБ С/Ш қатынасы	> 43 дБф
Іздеуді таңдау мүмкіндігі	> 28 дБф
Гармоникалық мазмұн	< 3%
Кедергі коэффициенті	>55 дБ

Динамиктер

Динамик кедергісі	6 Ом
Үндеткіш драйвері	2,75" толық ауқым X 2
Сезімталдық	> 83 дБ/мВт

USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер

Үйлесімді USB құрылғылары:

- USB флеш жады (USB 2.0 немесе USB1.1)
- USB флеш ойнатқыштары (USB 2.0 немесе USB1.1)
- Жад карталары (осы құрылғымен жұмыс істеу үшін қосымша карта оқу құралдары қажет)

Қолданылатын пішімдер:

- USB немесе жад файлы форматы: FAT12, FAT16, FAT32 (сектор көлемі: 512 байт)
- MP3 арналған бит жылдамдығы (деректерді жеткізу жылдамдығы): 32 - 320 кбит/с және өзгертпелі бит жылдамдығы
- 8 деңгейге дейін енгізулері бар каталогтар
- Альбомбар/ Қалталар саны: ең көбі 999
- Жолдар/жазылымдар саны: ең көбі 999
- ID3 тэгі, 2,0 нұсқасы немесе одан кейінгі
- Unicode UTF8 форматындағы файл атауы (максималды ұзындығы: 128 байт)

Қолданылмайтын пішімдер:

- Бос альбомдар: бос альбом - құрамында .mp3 файлдары жоқ және дисплейде көрсетілмейтін альбом.
- Қолданылмаған файл пішімдері өткізіліп жіберіледі. Мысалы, Word құжаттары (.doc) немесе .dlf кеңейтімді MP3 файлдар еленбейді және ойнатылмайды.
- AAC, WAV, PCM дыбыс файлдары

Қолдау көрсетілетін MP3 дис форматтары

- ISO9660, Joliet
- Максималды жол/файл саны: 999 (файл атауының ұзындығына байланысты)
- Максималды альбом атауы: 99

- Қолдау көрсетілетін үлгі жиіліктері: 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц
- Қолдау көрсетілетін бит жылдамдықтары: 32-320 кбит/с және өзгертпелі бит жылдамдықтары

Техникалық қызмет көрсету

Корпусын тазалау

- Жұмсақ тазалағыш ерітіндімен суланған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Құрамында алкоголь, спирт, аммиак немесе абразив бар ерітіндіні пайдаланбаңыз.

Дискілерді тазалау

- Диск кірлегенде, оны тазалағыш шүберекпен сүртіңіз. Дискіні ортасынан шетіне қарай сүртіңіз.



- Бензин, ерітінді, сатып алынған тазалағыштар немесе ұқсас жазбаларға арналған антистатикалық спрейді пайдаланбаңыз.

Диск линзасын тазалау

- Ұзақ уақыт пайдаланғаннан кейін диск линзасында кір не шаң жиналып қалуы мүмкін. Ойнату сапасын жақсарту үшін диск линзасын Philips CD линза тазалағышымен немесе басқа сатып алынған тазалағышпен тазалаңыз. Тазалағыштағы нұсқауларды орындаңыз.

11 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Өнімнің сыртқы қабатын алуға болмайды.

Кепілдік жарамдылығын сақтау үшін өнімді ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасаманыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіккеніз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласқан кезде өнімнің қасыңызда екенін, үлгі және сериялық нөмірі қол жетімді екенін тексеріңіз.

Проблема	Шешімі
Қуат жоқ.	<p>АТ қуат адаптері дұрыс қосылғанын тексеріңіз.</p> <p>АТ розеткасында қуаттың бар екендігін тексеріңіз.</p> <p>Қуатты үнемдеу мүмкіндігінің арқасында өнім 15 минут әрекетсіздіктен кейін автоматты түрде өшеді.</p>
Дыбыс жоқ немесе нашар.	<p>Дыбыс деңгейін реттеңіз.</p> <p>Құлақсаптарды ажыратыңыз.</p>
Өнімнен жауап жоқ.	<p>АТ қуат адаптерін қайта қосыңыз да, өнімді қайтадан қосыңыз.</p> <p>Қуатты үнемдеу мүмкіндігінің арқасында өнім 15 минут әрекетсіздіктен кейін автоматты түрде өшеді.</p>

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді.	<p>Қандай да бір функция түймесін баспастан бұрын негізгі құрылғының орнына қашықтан басқару құралымен дұрыс көзді таңдаңыз.</p> <p>Қашықтан басқару құралы мен негізгі құрылғы арасын жақындатыңыз.</p> <p>Батареяны полярлығын (+/- белгілері) көрсетілгендей туралап салыңыз.</p> <p>Батареяны ауыстырыңыз.</p> <p>Қашықтан басқару құралын негізгі құрылғының алдындағы сенсорға бағыттаңыз.</p>
Диск анықталмады.	<p>Дискіні салыңыз.</p> <p>Дискіні белгісін жоғары қаратып салыңыз.</p> <p>Линзадағы ылғал конденсациясы тазаланғанша күтіңіз.</p> <p>Дискіні ауыстырыңыз немесе тазалаңыз.</p> <p>Жазылатын диск түпкілікті етілгенін және пішімге қолдау көрсетілетінін тексеріңіз.</p>
USB жад құрылғысына қолдау көрсетілмейді.	<p>USB жад құрылғысы өніммен үйлесімді екенін тексеріңіз.</p> <p>Басқасын қолданып көріңіз.</p>
USB жад құрылғысындағы кейбір файлдарды ойнату мүмкін емес.	<p>Файл пішіміне қолдау көрсетілетінін тексеріңіз.</p> <p>Файл өлшемі ең үлкен мәннен аспайтынын тексеріңіз.</p>

Проблема	Шешімі
Радио қабылдау нашар.	Өнім мен басқа электр құрылғылар арасындағы қашықтықты арттырыңыз. Антеннаны толығымен ұзартыңыз. Оның орнына сыртқы FM антеннасын жалғаныз.
Таймер істемейді.	Сағатты дұрыс орнатыңыз. Таймерді белсендіріңіз.
Сағат/таймер параметрі өшірілген.	Қуат үзілген немесе АТ қуат адаптері ажыратылған. Сағатты/таймерді қалпына келтіріңіз.

12 Ескерту

Gibson Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Сәйкестік



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай. Бұл құрылғыда мына белгі бар:



II сыныпты жабдық таңбасы:



Қос изоляциясы бар және қорғағыш жерге қосу қамтамасыз етілмеген II СЫНЫПТЫ жабдық.

Қоршаған ортаны күту



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Өнімде көрсетілген тауар белгісі

Made for



iPod



iPhone



iPad

«Made for iPod», «Made for iPhone» және «Made for iPad» деген жазулар электрондық қосалқы құрал тиісінше iPod, iPhone немесе iPad құрылғысына жалғау үшін арнайы жасалғанын және әзірлеуші Apple өнімділік стандарттарына сәйкестігін сертификаттағанын білдіреді. Apple компаниясы бұл құрылғының жұмысына немесе оның қауіпсіздік және нормалық стандарттарға сәйкестігіне жауапты емес. Бұл қосалқы құралды iPod, iPhone, немесе iPad құрылғысымен пайдалану сымсыз жұмыс өнімділігіне әсер ететінін ескеріңіз. iPod және iPhone — Apple Inc. корпорациясының АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген сауда белгілері. iPad — Apple Inc. корпорациясының сауда белгісі.

Авторлық құқықтары

2014 © Gibson Innovations Limited. Барлық құқықтары қорғалған. Philips және Philips Shield Emblem — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және оларды Gibson Innovations Limited компаниясы Koninklijke Philips N.V. компаниясынан алған лицензия бойынша пайдаланады. Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. Gibson кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісінше реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.



2015 © Gibson Innovations Limited. All rights reserved.

This product has been manufactured by, and is sold under the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to this product.

Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used under license from Koninklijke Philips N.V.

DCM2260_DCM2260W_12_UM_V3.0

